

УДК:631.8:574.51

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ФЕРМЕРЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРГАНИКАЛЫҚ ӨНІМ ӨНДІРУІ**

**Ш.Ү. ӘКІМБЕКОВА**

экономика ғылымдарының докторы

**С.Т. ЖҰМАШЕВА**

экономика ғылымдарының кандидаты

Қазақ АӨК экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту  
ғылыми-зерттеу институты

---

Алматы облысының агроқұрылымдарын зерттеу көрсеткендей, органикалық егіншіліктің дамуы бастапқы кезеңде және өндірілетін өнімдер халықаралық стандарттар бойынша сертификаттандырылған. Облыстық аудандарындағы органикалық ауыл шаруашылығының тәжірибесі қорытындыланды, органикалық ауыл шаруашылығының дамуын тежейтін негізгі мәселелер анықталды. Заңнамалық және нормативті-құқықтық құжаттардың және мемлекеттік қолдау көрсетілмеуі де маңызды факторлар болып отыр.

Обследование агроформирований Алматинской области Казахстана показало, что в сельских районах отсутствуют хозяйства, развивающие органическое земледелие и продукция которых сертифицирована по международным стандартам. Обобщение практики органического сельского хозяйства позволило выявить основные проблемы, сдерживающие развитие органического сельского хозяйства, где не маловажными факторами являются отсутствие законодательного и нормативно-правового сопровождения и государственной поддержки.

The survey of agribusinesses in Almaty region of Kazakhstan was conducted, which showed that in rural areas there are no farms which do organic farming and which products are certified according to international standards. The generalization of the practice of organic agriculture has allowed to identify main problems hindering the development of organic agriculture, which important factors include the lack of legislative and regulatory and public support.

---

**Тұтқалы сөздер:** органикалық ауыл шаруашылығы, тауар өндірушілер, экологиялық таза өнімдердің рыногы, химикаттар, табыс, жұмыспен қамтылу, азық-түлік қауіпсіздігі.

**Ключевые слова:** органическое сельское хозяйство, товаропроизводитель, рынок экологически чистой продукции, химикаты, доход, занятость, продовольственная безопасность.

**Keywords:** organic agriculture, producers, market of environmentally friendly products, chemicals, income, employment, food security.

---

Шет елдердегі және Қазақстанның кейбір шаруашылықтарындағы ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің органикалық өнім өндіруге қызығушылығының артқанын байқатады. Отандық фермерлердің шаруашылықты жүргізудегі органикалық әдістерге қызығушылығын арттыруға әсер ететін факторларға: қымбат бағалы тыңайтқыштар

мен химикаттардан бас тарту мүмкіндігі; өнім сапасының жоғарлығына байланысты оларды жоғары бағамен сату; жем-шөп және органикалық тыңайтқыш мәселелерін шешетін бұршақбас және сидералдық дақылдарына ауыспалы егісті қолдау жатады. Сонымен бірге фермер ішкі шаруашылықтың қайта өңдеу және өнімдерді тікелей өткізуді,

отандық органикалық азық-түліктік өнімдерге сұраныстың өсуін ұйымдастыру арқылы пайданы көтеруді есептейді, онда салауатты өмірге, табиғи қоршаған ортаны қорғауға, биологиялық әртүрлілікті сақтауға елеуліткі қызығушылық туады.

Ауыл шаруашылық тауарөндірушілердің органикалық ауыл шаруашылығына көзқарастарын, олардың органикалық өндіріске өту мүмкіндіктерін, сонымен бірге оның дамуын тежеуші факторларды анықтау мақсатында органикалық өнімді тұтынушылар рыногы мен ресурстары бар, еліміздегі келешегі мол аймақтарда Алматы облысында зерттеу жүргізілді.

Облыстың ауыл шаруашылық тауарөндірушілердің қолданысында 8090,7 мың га ауыл шаруашылық жерлері, соның ішінде 1041,8 мың га (12,9%) егістік жер және 6572,3 мың га (81,3%) жайылым бар. Шаруа және фермерлік шаруашылықтар ауыл шаруашылығына тағайындалған жерлердің 86,5%-ын, шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар – 26,4%, ауыл шаруашылық кооперативтер - 6%-ын қолданады. Шаруашылықтардың орташа ауданы сәйкесінше 86,5; 2258 және 3405 га құрайды [1]. Шаруа және фермерлік шаруашылықтар өсімдік шаруашылығының жалпы өнімінің 50%-дан жоғары (54,8%-ын ашық грунттағы көкөністер, 97,2% - күнбағыс тұқымы), үй шаруашылығыда 86% - жеміс, 45,4% - картоп, 49,2% - ет, 86,3% - сүт өндіріледі [2]. Ірі кәсіпорындардың жұмыртқа өндіруді (80%) есептемегенде үлес салмағы 30%-ға жетпейді.

Облыс аумағында еліміздегі ірі мегаполис – Алматы қаласы орналасқан, ол еліміздің жоғары табысты қалаларға жатады, ауыл шаруашылық өнімдерін, оның ішінде органикалық өнімдерді өткізу рыногы ретінде қызмет етуі де жоғары.

Шағын тауар және фермерлік шаруашылықтар, сонымен бірге үй шаруашылықтары органикалық өндірісті жүргізуге, олар бір-екі дақылдарды өсіруге маманданып, басқа өндірістерсіз бүкіл егістік жерлерінде органикалық шаруашылық жүргізуге экологиялық қолайлы жағдай туғызуға мүмкіндіктері көп.

Зерттеулер жүргізу үшін экологиялық таза ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру үшін экологиялық қолайлы орта, қара топырақтың және судың үлкен қоры бар Еңбекшіқазақ ауданы базалық аудан ретінде таңдалынды. Ауданның аумағы 8,3 мың кв.км, 78 ауылдық елді мекендерде 283,6 мың адам шоғырланған. Ауданда шаруа фермерлік шаруашылықтарда (11,3 мың) және үй шаруашылықтарында (48,9 мың) адам жұмыс істейді.

Экологиялық қауіпсіз өнімдерді өндіру, өсімдіктердің және жануарлардың биотүрлілігін сақтай отырып, минералды тыңайтқыштар мен химикаттарды пайдаланбай таулы және тау бөктері аймақтарында органикалық ауыл шаруашылығының бағыттарын кеңейту ауданның келешектік шаруашылық жүргізу формасы болып табылады.

Ауданның шаруашылықтарына жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің жартысы (52%) органикалық ауыл шаруашылығы туралы түсініктері болмады. Органикалық ауыл шаруашылық өнімдері туралы шаруа фермерлік шаруашылықтардың және ауыл шаруашылық кәсіпорындардың басшыларының (48%) аздаған хабардары бар.

Бірақ олардың көбі «дәннен сатылымға дейін» экоөнімдерді өндірудің толық циклін, міндетті түрде жерді химиялық тыңайтқыштардан үш жыл мерзім бойында тазалауды, ГТА-ның, антибиотиктердің, пестицидтерді, гербицидтерді, гормондық өсудің, тағам қоспалары жоқ болуы туралы біле бермейді. Өндірушілер сертификациялау мен стандарттардың жоқ болуын экологиялық таза өнімдегі «химикаттың» жоқ болуына ұқсастыратындығын атап өту керек, сондықтан көптеген шаруа фермерлік шаруашылықтар мен жеке қосалқы шаруашылықтар өздерінің өнімдерін экологиялық қауіпсіз, өйткені негізгі өнімдердегі (ет, сүт, көкөністер, картоп) өз бетінше өндіру және өндіріс процесстерін бақылау мүмкіндігі бар деп есептейді.

91% фермерлер өздерін органиканың экологиялық таза өнімдерді өндірушілерге жатқызады. Мысалы, «Баденко» шаруа қожалығы (Еңбекшіқазақ ауданы, Алматы облысы) 13 жылдан аса 71,9 га ауданда тек қана табиғи жағдайларда химиялық тыңайтқыштарсыз және жерді улы химикаттарсыз өндеп, дұрыс ауыспалы егіс тараптарын қолданып, жеміс бағын және жеміс дақылдарының тікпе көшеттері үшін көшеттіктерді өсірумен айналысады. Ауыл шаруашылық жұмыстарын жүргізу үшін шаруашылықта мамандандырылған техника (МТ–82, Т–25 тракторлары) және оған қажетті ауыл шаруашылық агрегаттары (тозаңдатқыш, шөп шапқыш, копсытқыш, арық қазатын және т.б.) бар. Шаруашылық жоғары тиімді жеміс сорттарын енгізу мақсатында Қазақ жеміс және жүзім шаруашылығы ҒЗИ – мен көп жылдар бойы ынтымақтастық жүргізеді. Осындай ауыл шаруашылық тауар өндірушілері ауыл шаруашылығының органикалық жүргізудегі тәжірибесі жеткіліксіз болса да, олар ол туралы жақсы хабардар,

## Рынок продовольственной продукции

шаруашылықтарында өнімдерді қайта өндейді және саудалық байланыстар белгілейді, органикалық технологияларды енгізу арқасында қосымша құн алады және рынокқа шығарады.

Кейбір ауыл шаруашылығының өнімдерін өндірушілер өздерін «органикалық» деген категорияға мәжбүр түрде жатқызады, өйткені минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді сатып алуда қиындықтар бар. Олар негізгі жерлерінде өнімдері органикалық деп есептелінетін жеміс бағымен көкөніс өсірумен, құс, мал шаруашылығымен (ірі қара шаруашылығын еркін ұстау әдісі), қой өсірумен айналысады. Оларға «органикалық» екенін дәлелдеп және табыс табудан гөрі органикалық өнімдерді өсіру оңай. Табиғи экожүйе аймағында орналасқан ауданның зерттелген бірнеше шаруашылықтарында минералды тыңайтқыштар мен ұлы химикаттарды көптеген жылдары бойы қолданылмайды. Сонымен бірге тірі

бактериялар мен құрттарды сақтайтын, топырақты өндеудің табиғи көзі болып табылатын тереңдетіп жер жыртуды қолданылмайды. Малдарды еркін серуендетіп қолда бағу, олардың иммунитетін қалыптастырады және қолдау көрсетілді. Мысалы, К.Мыңбаев шаруашылығындағы барлық мал (ірі қара, қой, жылқы) еркін жайылады, оларда мал ұстауға жабық алаңдар жоқ, тек төлдеу бөлімшелері бар. Малдар жыл бойына жайылымдарда жайылып, ұңғымадан су ішіп, ал қыста – шөппен сүрлем жейді.

Фермерлер органикалық ауыл шаруашылығының дамуындағы негізгі күрделікті: мемлекеттік демеуқоржының жоқтығынан, органикалық өнімдердің өткізу каналдарын қалыптастырудың қажеттілігінен, органикалық өнімдердің пайдасы туралы ақпарат алу мен оқытудың, пестицидтерді қолдануға тиым салудың жоқтығынан көреді (1 сурет).



1-сурет. Органикалық тағамдарды өндіруді тежеу факторлары

Шаруашылық басшыларының пікірі бойынша экологиялық таза (органикалық) өнімдерді өткізудегі елеулі кедергілерге рыноктағы делдалдардың, органикалық өнімдердің бұрмаланушылығы, жеткіліксіз мемлекеттік қолдау, халықтың төмен тұтынушылық қабілеті, сауда желісінің дамымауы жатады. Сонымен бірге органикалық өнімдерді өткізуге ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің органикалық

ауыл шаруашылығын жүргізуді артықшылықтарынан әлсіз хабардар болып, қызметкерлердің жеткіліксіз біліктілігі, төмен өнімділігі, табиғи өнімдердің талап етілмеуі есер етеді.

Химиялық құралдарды қолданылатын шаруашылықтармен салыстырғанда органикалық өндірілген айналысатын шаруашылықтарға қолдаудың мөлшері елеулі түрде жоғары болуы керек. Агрохимикаттардан бас тар-


## Рынок продовольственной продукции

ту тұтынушылардың табиғи тағамдарға сенімділік шараларды ретінде қарастыру керек.

Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің 87%-ы органикалық тыңайтқыштарды қолданды, 59% - зиянкестер мен аурулармен күресудің биологиялық әдістерін, 18% - жасыл тыңайтқыштарды (сидераттар) мен аралас отырғызуды (2 және одан көп дақылдарды бір алаңға), 1,4% - ауыспалы егісті, бұршақ тұқымдарды қоса, 4% - аралық дақылдарды қолданады, ал қалған 6% - көңнен басқа ештеңені қолданбайды. Көптеген өндірушілер (76%) ешқандай биологиялық препараттарды қолданбайды, немесе тек биотыңайтқыштарды (15,5%), биофунцидтерді (5,6%) немесе гуматтарды (1,4%) қолданады. Химиялық препараттардан негізінен фунгицидтерді (50,7%), гербицидтер (12,7%), инсектицидтерді (7%), әртүрлі дәрілеуіштер мен минералды тыңайтқыштарды қолданады.

Органикалық тағамдар рыногында олардың маңызды құрамдасы оларды өндірудің, сақтау, жеткізу және сату стандарты мен

ережелерінің сәйкестігін бекітетін органикалық өнімдерді сертификациялау болып табылады. Кейбір кәсіпорындар (құс фабрикасы, сүт фермалары, жүзім-шарап шаруашылықтары) жергілікті сертификаттау органдары – «ЭКО», «БИО» және т.б. сертификаттарын алған, олар халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді. Сонымен бірге соңғы уақыттарда қалалық тұрғындар арасында органикалық ауыл шаруашылық өнімдеріне сұраныстың артып отырғанын атап өту керек. Сонымен бірге табиғи тағамдарды өндірушілердің өздеріде сатуға дендейді және олардың рынокта осы сегменттегі салмағы өсуде. Табиғи тағамдар үшін ұлттық сауда маркасының болуы маңызды фактор. 93% ауыл шаруашылық тауарөндірушілері сертификациялаудың қажеттілігі туралы хабардар емес, бірақ өздерінің өнімдерін сертификациялауға ниетті, олар негізінен шағын кәсіпорындар (шаруа және фермерлік шаруашылықтар, жеке кәсіпкерлер мен жеке қосалқы шаруашылықтар).



2 сурет – Химиялық және биологиялық препараттарды қолдану

Органикалық ауыл шаруашылығына сұраныстың өсуі, оны өндіру үшін Алматы облысының табиғи ресурстары қазіргі уақытта өндіру көлемінің оларды тұтынуды қанағаттандырмауы органикалық ауыл шаруашылық масштабтарды кеңейтудің қажеттілігін анықтайды. 3 суретте көрсетілгендей, көптеген ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен шаруа фермерлік шаруашылықтар өздерінің өндірісін органикалық ауыл шаруашылығына қайта жөндеуге немесе кеңейтуге ниетті (3 сурет).


Республика жағдайларында кейбір тағамдар өзіндік құны бойынша бірнеше себептерге байланысты арзан болу мүмкін

екендігін атап көрсету керек. Біріншіден, химикаттар мен қосымша операцияларға шығындар шығарады. Екіншіден, органикалық өнімдердің аздаған сандарына байланысты дестеде шығындардың көбеюіне органикалық және дәстүрлі тағамдарды бөлудегі, әсіресе олардың өндеу және жеткізу кезіндегі сөзсіз ұйғарым әсер етеді. Үшіншіден, органикалық тағамдардың өткізу каналдары мен маркетингтік қызмет көрсетудің тиімді жұмыс істеуінің жеткіліксіздігін осы тағамдарды жеткізу көлемінің аздығын бағаның жоғары болу мүмкіндігі. Бұл проблемелар барлық шағын және орта фермерлерге тән. Фермерлердің арасынан 18%-ы экономи-

## Рынок продовольственной продукции

калық таза өнім органикалық тектен болғандықтан дәстүрлі жолмен өндірілгендерге қарағанда 10%-ға, 24%-ы 10-12%-ға, 23%-ы – 20-30%-ға жоғары болуы, тек 3%-ы ғана дәстүрлі өнімдерден төмен болуы керек

деп есептейді. Бұл ауыл шаруашылық дақылдардың өнімділігін төмендігі, химиялық тыңайтқыштармен өңделмеуімен және органикалық өнімдерді өндірудегі қол еңбегінің көлемінің көптігіне байланысты.



3 сурет – Органикалық өнімдерді өндіруге агроқұрылымдардың ниеттері

Республикадағы халықтың өмір сүру деңгейінің өсуін ескерсе, органикалық тағамдар рыногының болашақтығы ұзақ екендігі айқын. Бірақ көлем шектеулі және аздаған фермерлік шаруашылықтар қамтамасыз етіп қалуы мүмкін. Рыноктың дамуы үшін әлеует ретінде өндірушілерді нығайту мен мамандандырылған бөлшек сауда желісі арқылы органикалық өнімдер ұсынысынан көрінеді, тұтынушыларға мақсатты түрде ізделінді тағамға, ал өндірушілерге – «органикалық» өндіру үшін сұраныс табуға.

Табиғи өнімдерге тұтынушылар қызығушылығын жергілікті аумақтық өнімдерге сенімділікті нығайтуды ынталандыру қажет. Егер аймақтарда жергілікті тауарөндірушілердің өнімдері танымал түрде қолданылатын болса, онда органикалық шаруашылықтың өнімдерін өткізуді қалыптасқан коммуникациялар (арақашықтық, тауардың танымалдығы, жеке контактылер, жақсы бедел және т.б.) арқылы жолға қойылуы жеңіл болады.

Қорытындылай келе аймақтарда әлі де органикалық ауыл шаруашылығының қажеттілігі мен маңыздылығына бірмәнді пікір қалыптасқан жоқ. Сондықтан табиғи тағамдардың азық-түліктік рыногының өсуі үшін кедергілер болып ауыл шаруашылық тауарөндірушілер байланысының жоқтығы, мақсатты «био-маркетинг» дамуының, өткізу каналдарының әртараптандырудың жеткіліксіздігі. Мемлекеттік қолдау шараларын тауарөндіру-

шілердің нақты тәжірибеде елеулі түрде алмауда. Ауыл шаруашылық тауарөндірушілерді органикалық ауыл шаруашылығының дамуына туралы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін аудандық әкімшілікте ақпараттық-маркетингтік қызмет етуді құру керек. Органикалық егіншілік жүйесінің маңызды міндеттері болып өндірістік ынталандыру және экологиялық таза өнімдерді өткізу. ФОАМ-ның сұрауларына сәйкес Қазақстандағы қалалықтардың 20%-ы органикалық ауыл шаруашылығының технологиясымен ауылда еңбек етіп, өмір сүруге дайын екендігін атап көрсеткен, бірақ қазіргі уақытта бұл үшін қажетті жағдайлар жасалған жоқ.

Кәсіпорындардың органикалық ауыл шаруашылық өндірісіне өтудің артықшылары айқындалды: азық-түліктік сапалы өнімдердің жетіспеуі мәселелерін шешуге; ауылда қосымша жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету; экологиялық ахуалды және топырақ сапасын жақсарту; азық-түліктің сапасына бақылауды күшейту; пайдаланылмай жатқан жерлерді айналымға тарту; халықтың денсаулығын жақсарту; экологиялық таза өңірдің беделін құру; жергілікті тауар өндірушілердің өткізу рыноктарына шығу мүмкіндіктері.

Мәселенің шешімі – органикалық ауыл шаруашылығының болашақта (10 жыл) дамуының кешенді бағдарламасын, органикалық ауыл шаруашылығының арнайы заңын қабылдау. Оны дамытудың масштабын кеңейту үшін органикалық ауыл шаруашылы-

